

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 33 (885) 29 шілде, 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ТӨЛҚҰЖАТ ПЕН ЖЕКЕ КУӘЛІКТІ ҚАЛАЙ ТЕЗ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Жаз мезгілі – демалыс пен саяхат кезеңі. Осыған байланысты жаз мезгілінде Қазақстанның халыққа қызмет көрсету орталықтарында жеке куәлік пен төлқұжатты рәсімдеу үшін өтініш білдіретін клиенттер саны артады. 2022 жылдың алты айында қазақстандықтарға 1 353 590 жеке куәлік пен паспорт берілді. Рәсімделген құжаттардың ең көбі маусым айында тіркелген, саны – 266 668. Осы ретте ХҚКО-да төлқұжат пен жеке куәлікті ыңғайлы әрі жылдам жолмен қалай алуға болатынын айтқымыз келеді.

Паспорт пен жеке куәлікті алу қызметі әлі онлайн режимінде қолжетімді болмай тұр. Бұл құжаттарды рәсімдеу үшін міндетті түрде ХҚКО-ға жүгіну қажет. Десе де, қызмет эксаумақтылық қағидаты бойынша көрсетіледі – өзіңіздің тіркелген мекенжайыңызға қарамастан кез келген ХҚКО-ға бара аласыз. ХҚКО-ларда жеке куәлік пен паспортты рәсімдеу бойынша операцияны көші-қон қызметі көрсетеді. Егер төлқұжат алу үшін бірінші рет келіп тұрсаңыз, сізге тек жеке куәлік қажет болады. Егер сіздің төлқұжатыңыздың мерзімі аяқталса, оны мерзімі аяқталғанға дейін 1-2 ай бұрын ауыстыра аласыз. Төлқұжаттың мерзімі аяқталғаннан кейін жаңа төлқұжат алу үшін өтініш білдірсеңіз, кешіктіргеніңіз үшін айыппұл қарастырылмайды. Төлқұжат үшін мемлекеттік баж – 8 АЕК (2022 жылдың 1 қаңтарында белгіленген АЕК) немесе 24 504 теңге. Қызмет көрсетудің стандартты мерзімі – 15 жұмыс күні. Алайда, қосымша төлем жасау арқылы бұл процесті жеделдетуге болады. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе тұрғындары процесті осы әдіс бойынша үш күннен бір жұмыс күніне дейін қысқарта алады:

- 1 жеделділік санаты – 1 жұмыс күніне дейін - 4 983 теңге;
 - 2 жеделділік санаты – 3 жұмыс күніне дейін - 2 752 теңге.
- Облыс орталықтары үшін басқа әдіс қарастырылған:
- 1 жеделділік санаты – 3 жұмыс күніне дейін - 4 983 теңге;
 - 2 жеделділік санаты – 5 жұмыс күніне дейін - 2 752 теңге.

Ал аудандар мен облыстардағы қалалар үшін тек үшінші санат қолжетімді:

1 116 теңге қосымша төлем арқылы 7 жұмыс күніне дейін жеделдете алады. Баланың төлқұжатын рәсімдеу кезінде оның туу туралы куәлігін ұсынып, баж салығын төлеу қажет. Қызметке өтініш білдіру үшін баланың ата-анасының бірі келуі міндетті. Жеке куәлік алу: ҚР азаматтары жеке куәлікті 16 жасқа толған кезде алады. Осы жасқа жеткен кезде құжатты бір ай ішінде рәсімдеу керек, әйтпесе 7 АЕК немесе 21 441 теңге айыппұл төлеу керек болады. Сонымен қатар, егер мерзімі аяқталған жеке куәлік бір ай ішінде жаңартылмаса, дәл осы мөлшердегі айыппұл қарастырылған. Егер айыппұлды бір апта ішінде төлейтін болсаңыз, онда сомма 50 пайызға төмендейді. Егер сізде паспорт бар болса, жеке куәлікті рәсімдеу үшін оны да өзіңізбен бірге алып келу керек. Бұл ретте жеке куәлік үшін мемлекеттік баж 0,2 АЕК немесе 613 теңге болады. Қызметті төлқұжатпен бірдей әдіс бойынша жеделдетуге болады. Сонымен қатар, жеке куәлік пен төлқұжат үшін мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылған клиенттердің жеңілдетілген санаты бар екенін ескертеміз. Олар:

- ҰОС ардагерлері және оларға теңестірілген тұлғалар;
- Кеңес одағының батырлары және Социалистік еңбек ерлері;
- барлық топтағы мүгедектер, сондай-ақ бала кезінен мүгедек болған клиенттің ата-анасының бірі; қарттар мен мүгедектерге арналған мекемелерде тұратын егде жастағы адамдар;
- жетім балалар және балалар үйлерінде немесе интернаттарда тұратын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- «Батыр Ана» атағы бар, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілерімен наградталған көпбалалы аналар;
- Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар.

Айыппұл төлемеу үшін және ХҚКО-ға баруды алдын ала брондау үшін клиенттерден өз құжаттарын уақытылы жаңартып отыруды сұраймыз.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ СҚО бойынша баспасөз қызметі



* АҚ БИДАЙ-2022

«АҚ БИДАЙ-2022» СПОРТ ОЙЫНДАРЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Ақжар ауданында облыстық дәстүрлі жазғы «Ақ бидай» спартакиадасы өтті. Онда 300-ден астам қатысушы 5 күн бойы волейбол, футбол, баскетбол, шахмат, бокс, нысанаға ату және басқа да, жалпы спорттың 13 түрінен жарысып, әрқайсысы өз аудандарының намысын қорғады.

Биыл «Ақ бидай» жазғы спорт мерекесінің жалауы Ақжар ауданында көтерілді. Облыстың барлық ауданынан 300-ден астам спортшы Талшық ауылына келді. Жанкүйерлер үшін ең қызықты спорт түрлерінің

бірі бокс болды. 60-тан астам спортшы шаршы алаңға шығып, 8 салмақ дәрежесінде бақ сынады. Сонымен бірге спортшылар гир спортынан, еркін күрестен, ауыр атлетика мен үстел теннисінен жарысты.

Бескүндік доданың нәтижесінде Қызылжар ауданының құрамасы жеңімпаз атанды. Екінші орын Ақжар ауданына бұйырып, үздік үштікті Тимирязев ауданының командасы тұйықтады. Тайыншалық спортшылар жүлделі төртінші орында тұрақтады.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты



2022 жылғы тамызда аудандық мәслихаттың хатшысымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	3 тамыз
2	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	4 тамыз
3	Батес Латиф — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның бас дәрігерінің орынбасары	5 тамыз
4	Руслан Елшібайұлы Егінбаев — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	8 тамыз
5	Диана Еслямбекқызы Ысқақова — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	10 тамыз
6	Бауыржан Маратұлы Мергасимов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	12 тамыз
7	Александр Владимирович Кершич — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	15 тамыз
8	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	18 тамыз
9	Айгүл Ботақызы Мұхаметғалиева — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	19 тамыз
10	Виктор Иванович Рудницкий — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС-нің директоры	22 тамыз
11	Гүлнүр Өмірбайқызы Батаева — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданының білім бөлімінің әдіскері	23 тамыз
12	Николай Николаевич Трифонов — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	26 тамыз
13	Данияр Келденбекұлы Жақыпов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	29 тамыз

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қ., Центральнй бұрылысы, 3 «А», «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалы — 22047.

* * * * *

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

1.	«СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	22-9-81
2.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ	21-4-70
3.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	22-6-97
4.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	79-0-47
5.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ	23-4-18
6.	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ	23-6-31
7.	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» КММ	22-5-37
8.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ	23-5-09
9.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ	21-7-45
10.	«Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	76-7-85
11.	«Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	75-1-97
12.	«Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	42-6-71
13.	«Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	32-5-25
14.	«Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	74-2-35
15.	«Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	55-3-33
16.	«Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	77-3-73
17.	«Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	51-2-03
18.	«Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	32-1-48
19.	«Краснополяна ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	54-2-17
20.	«Летовочное ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	52-3-10
21.	«Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	79-0-22
22.	«Рощинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	53-7-48
23.	«Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	42-0-01
24.	«Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	77-1-18
25.	«Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	38-2-40
26.	«Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	70-2-75
27.	«Яснополяна ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	73-3-94
28.	«Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ	22-8-05

бұл телефондар арқылы мемлекеттік қызметкерлердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Этика Кодексін бұзуы және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасау фактілері туралы хабарлауға болады.

«СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ www.tsh.sko.gov.kz

2022 жылдың III тоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімімен, оның орынбасарларымен және аппарат басшысымен жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т. А. Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефон
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	Аңбаев Руслан Әкімжанұлы	Аудан әкімі	әр айдың бірінші, үшінші, сексенбісі 10.00-12.00 сағ	Тайынша қ. Қазақстан Конституциясы көшесі 197	2-16-65
	Әміренов Асан Амангелдіұлы	Аудан әкімінің орынбасары	әр айдың әр сәрсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-27-47
	Дюсембин Еркебұлан Ерболұлы	Аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы	әр айдың әр дүйсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-29-81
	Батенова Гүлбаршын Кахарманқызы	Аудан әкімінің орынбасары	әр айдың әр бейсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-14-86
	Абулғазинаова Бақыт Бегайқызы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	әр айдың әр жұма 10.00-13.00 сағ		2-27-00

Ескертпе: қабылдауға алдын ала жазылу 8 (71536)22-3-42 телефоны бойынша жүзеге асырылады.

* * * * *

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Тайынша қаласы мен ауылдық округтердің әкімдерінің 2022 жылдың III тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан орны	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Досмұқанов БейбітСырымбетұлы	Абай ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Қарағаш а.	76-7-85
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Қалиақпаров Ертай Өтепұлы	Алабота ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Аққұдық а.	75-1-97
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Сағындықов Болат Қуандықұлы	Амандық ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 16.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық а.	43-6-68
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жүсіпов Талғат Абзалұлы	Большеизюм ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, Сәрсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большой Изюм а.	32-5-25
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Қахабаев Мұрат Мұхамбетқалиұлы	Донецк ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецкое а.	74-2-35
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Әжіғұлов Жұлдыз Асылбекұлы	Драгомиров ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі 10.00 -13.00 сағ Жұма 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Драгомировка а.	55-3-33
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Мұстаханов Нұрлан Сәрсенғалиұлы	Зеленогай ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленый Гай а.	77-3-73
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Илиясов Досымжан Сұлтанбекұлы	Келлер ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сейсенбі 10.00 -18.30 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлеровка а.	79-0-87
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Көпербаев Рыспек Әлібекұлы	Киров ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, Жұма 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Кирово а.	32-3-13
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополяна ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жомартов Талғат Базарбайұлы	Краснополяна ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, жұма 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Красная Полана а.	54-2-17
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Руденко Дмитрий Владимирович	Летовочный ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 15.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочное а.	52-3-10
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ысқақов Кемел Оралбайұлы	Мироновка ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00 -12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка а.	79-0-22
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Рощинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ғалиев Абылайхан Файзрахманұлы	Рощинск ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00 -12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Рощинское а.	53-7-48
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Қасқұлақов Ержан Қайыржанұлы	Теңдік ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Теңдік а.	42-0-01
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Бәкіров Ерлан Михашұлы	Тихоокеан ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеанское а.	77-1-88
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жетібаев Әскер Шайхисламұлы	Чермошнян ауылдық округінің әкімі	Сәрсенбі, жұма 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнянка а.	38-4-60
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Сәдуақасов Сәкен Төкенұлы	Чкалов ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, жұма 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалово а.	70-2-75
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Яснополяна ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Темірбаев Ермұқан Нұрмұқанұлы	Яснополяна ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Ясная Поляна а.	73-3-94
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ	Шлаповский Валерий Анатольевич	Тайынша қаласының әкімі	Дүйсенбі, жұма 14.30 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қ. Центральнй бұрылысы, 2	22-6-05
	Бекенов Жаслан Баймұратұлы	Қала әкімінің орынбасары	Сейсенбі, бейсенбі 14.30-18.00 сағ		22-8-05

* * * * *

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы жергілікті атқарушы органдары басшыларының 2022 жылдың III тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан орны	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ	Хамзина Айгүл Ермекбайқызы	Бөлім басшысы	Бейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	21-4-70
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	Бұра Андрей Николаевич	Бөлім басшысы	Жұма 10.00 -13.00 сағ 14.30-16.30 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	22-1-85
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	Нероба Ольга Густавовна	Бөлім басшысы	Дүйсенбі, жұма 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі 203	21-0-22
		Бөлім басшысының орынбасары	Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ		79-0-47
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ	Голубь Наталья Викторовна	Бөлім басшысы	Дүйсенбі 10.00 -13.00 сағ сәрсенбі 10.00 -12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	23-4-18
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ	Сағындықова Гүлмира Бәкібайқызы	Бөлім басшысы	Дүйсенбі 14.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Пролетар көшесі, 193	23-7-94
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» КММ	Темірбеков Берік Алғалиұлы	Бөлім басшысы	Бейсенбі 16.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Астана көшесі, 176	22-5-37
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ	Жақенова Айнагул Сағатқызы	Сәрсембаев Бекболат Әкімбайұлы	Сейсенбі 09.00 -13.00 сағ Сәрсенбі 14.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Центральнй бұрылысы, 2	23-5-09
		Бөлім басшысының орынбасары	Сейсенбі 14.00-18.00 сағ. Сәрсенбі 09.00-13.00 сағ.		21-6-43
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ	Сабырова Гүлмира Сатыбалдыққызы	Бөлім басшысы	Сәрсенбі 10.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қ. Центральнй бұрылысы, 2	73-0-43

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

2022 жылдың 1 мамырынан бастап - 01 шілдесі аралығында «Еңбек Жолы» конкурсына қатысу үшін 4 үміткерден өтінімдер қабылдануы өтті, келесі номинациялар бойынша:

- «Үздік еңбек әулеті» - 3 өтінім («Недвецкий» ШҚ; «СҚО Тайынша ауданының Большеизюм орта мектебі» КММ; «Ақмола бөлімшесі» МК - «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС).

- «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» - 1 өтінім («СҚО Тайынша ауданының Чермошнян орта мектебі» КММ).

Қазіргі уақытта «Еңбек Жолы» конкурсын іріктеудің 1-кезеңі өңірлік деңгейде өткізіледі, одан кейін республикалық деңгейде 2-кезең өткізіледі.

Республикалық комиссия әр номинация (бірінші, екінші және үшінші орындар) бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Байқауға қатысушыларға сәттілік тілейміз.

О.Г.НЕРОБА,

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

* * * * *

КӘСІПОРЫНДАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ, АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Белгілі бір салада жақсы маман табу әрдайым жұмыс беруші үшін, кейде арнайы білім болмаған кезде жұмыс іздеп жүрген адам үшін өзіне ұнайтын жұмыс табу үлкен бір сәттілік. Ал кадрлар бәрін шешетіні белгілі.

Бүгін біз жұмыс іздеушіге өзіне ұнайтын жұмыс табуға, ал жұмыс берушіге аса қажетті мамадық бойынша маманның қашан келетінін күтпей, оны өзі оқытып алу мүмкіндіктерінің бар заманда өмір сүріп жатырмыз. Биылғы жылы еңбек нарығында сирек кездесетін немесе сұранысқа ие мамандықтар бойынша мамандарды даярлаудың мамандарды жұмыс орнында оқыту сияқты түрі бар. Бұл ретте өндіруші де, басшы мен керек мамандығы жоқ, жұмыс іздеп жүрген адам да ұтады. Оқыту мерзімі 1 айдан 6 айға дейін.

Бұл ретте халықты жұмыспен қамту орталығы ай сайын білім алушыға стипендия және оқытатын тәлімгерге ақы төлейді. Тәлімгерге және кәсіпорынға немесе ұйымға қойылатын талаптар, әрине, бар, бірақ орындалуы әбден мүмкін: бұл салық органдары, аудан бюджеті алдында берешегінің болмауы, таңдалған мамандық тәлімгерінің кемінде бір жыл жұмыс өтілінің болуы, өз кәсіпорнында кемінде 12 ай мерзімге жұмысқа орналасуы. Ал оқушыдан - еңбекқорлық пен еңбексүйгіштік, оқуға деген ұмтылыс және осындай қысқа мерзімде көптен күткен мамандықты алу.

Содан кейін өтінім жасалады және Жұмыспен қамту орталығымен елді мекеннен тыс жерлерге шықпай-ақ жұмыс берушінің жұмыс орнында сұранысқа ие және әртүрлі мамандықтарды оқытуға келісім шарт жасалады. Олар: дәнекерлеуші, токарь, тас қалаушы, ағаш ұстасы, шаштараз, аспаз, наубайшы, кондитер, тракторшы, аяқ киім жөндеуші, омарташы, маникюр және педикюр шебері, макияж суретшісі, ЭМ операторы, бухгалтер, бармен, даяшы, сатушы, өсімдік өсіруші, жылыжай, көкөніс өсіруші, жиһаз жинақтаушы және еңбек нарығында сұранысқа ие, кәсіпорынның қажеттілігіне қарай басқа да көптеген мамандықтар. Халықты жұмыспен қамту орталығына келіп, барлық сұрақтар бойынша хабарласыңыз, сондай-ақ 22-5-27, 2-33-47 телефондары арқылы хабарласыңыздар.

Халықты жұмыспен қамту орталығы.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯ

2019 жылдан бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жыл сайынғы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жыл бойына форматқа көшті. Бірақ «Мектепке жол» акциясының басты көрсеткіші – балалардың жаңа оқу жылына дайындығы.

Елбасының 2022 жылды Балалар жылы деп жариялауына байланысты қайырымдылық акциясына ерекше көңіл бөлініп, биылғы жылы акция «Дорога в школу - Добро без границ» ұранымен өтуде.

«Мектепке жол» акциясының мақсаттарының бірі – аз қамтылған және әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына оқу-тәрбие үдерісін табысты дамыту үшін материалдық көмек көрсету.

Ауданның білім беру ұйымдарында оқушыларды мектепке дайындауға көмек көрсету жұмыстары жүргізілуде. Көмекке мұқтаж балалардың мәліметтер базасы құрылды.

Балаларды мектепке дайындауға көмектесемін

* * * * *

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫН СОЮ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын сою Заңы 8-бабының 44-тармақшасына сәйкес бекітілген ветеринариялық-санитариялық нормаларға және дайындауды (жануарларды сою) жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық талаптарға сәйкес келетін мал сою пункттерінде немесе ет өңдеу кәсіпорындарында жүзеге асырылады, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтау, өңдеу және өткізу. Сойар алдында ауылшаруашылық жануарлары сою алдында ветеринариялық сараптамадан және сойылғаннан кейін өлекселер мен органдардың ветеринариялық-санитариялық сараптамасынан өтеді. Кейін ветеринариялық сараптаманың қорытындысы бойынша ұшаға «алдын ала сараптама» деген мөр басылады. Ауыл шаруашылығы жануарларын сою алдындағы ветеринариялық сараптауды және сойылғаннан кейін өлекселер мен ағзаларды ветеринариялық сараптау нәтижелерін ветеринарлық дәрігер союға арналған жануарларды тексеру және ет пен етті ветеринариялық-санитариялық сараптау нәтижелерін тіркеу журналына және нысанға сәйкес сою пункттерінде (учаскелерінде) және ет комбинаттарында тіркейді.

Ауыл шаруашылығы жануарларын сою жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат өндірістерінде жануарларды өсіруді, жануарларды дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне есептік нөмірлер беру қағидаларына сәйкес есептік нөмірлері берілген сою пункттерінде, ет өңдеу кәсіпорындарында немесе сою учаскелерінде жүргізіледі.

деушілер «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тікелей хабарласа алады. Байланыс тел. 21259 немесе тұрғылықты жері бойынша білім беру ұйымына хабарласуға болады.

«Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Малды сою орындарында сою кезінде ветеринарлық дәрігерлермен:

1. союға қабылданған ауыл шаруашылығы жануарларына ілеспе ветеринариялық құжаттың (ветеринариялық сертификат) болуын тексеру.
2. Ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірі, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына сәйкес берілген ветеринариялық паспорты және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда жүргізілген ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар мен диагностикалық зерттеулер туралы мәліметтердің болуын немесе үзіндіден тексеру.
3. Ветеринариялық ережелерге сәйкес ауылшаруашылық жануарларын термометриямен өлгенге дейінгі ветеринариялық тексеру және өлекселер мен ағзаларды өлгеннен кейін ветеринариялық сараптау, ұшаларды таңбалау.
4. Сою учаскесінде (ауыл шаруашылығы жануарларын сою учаскесінде) ауыл шаруашылығы жануарларын сою нәтижесінде алынған ұшалар мен ағзалар өткізу алдында ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өтеді.

Естеріңізде болсын, өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сай келмейтін жерлерде союға жол берілмейді. Үйде союға тыйым салынады.

Тайынша ауданының ветеринарлық станциясы

* * * * *

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША « E-SALYG BUSINESS»

Чектерді беру функционалы - бақылау – касса машинаның баламасы. Оның кірістер і фискализациялау бар жеңілдетілген нұсқасы. Арине, бұл сервис таурлардың көптеген атаулары сауда объектілері үшін бақылау-касса машиналарын толығымен алмайды. Дегенмен, бірнеше түрі сатылатын шағын дүкендер үшін қолдану әбден мүмкін. Қазір бұл қызмет жұмыстар мен қызметтер үшін чек қалыптастыруға мүмкіндігін береді, чекті алушыға мысалы, арқылы немесе басқа месенджерлерді пайдалана отырып жолдауға болады. Берілген чектердің түпнұсқалығы Q-кодпен расталады. Сонымен бірге, МКК Фискалдық деректер операторларының қызметтерін төлеуден босату бойынша өзекті мәселелердің бірі қосымшаны пайдаланушылары үшін шешті. Осылайша, чектерді беру модулін пайдалану кәсіпкерлердің белгілі бір санаттарына кассалық аппараттарды сатып алуға, ұстауға және Фискалдық деректер операторларының (Қазақтелеком, Транстелеком, Картел, Jusap mobile) қызметтерін төлеуге арналған шығыстарды болдырмауға мүмкіндік береді.

Жалпы, мобильді қосымшаның чектері бойынша деректердің болуы кірістер тіркелімін автоматты түрде қалыптатыруға мүмкіндік берді. Қазір есеп жүйесі жоқ кәсіпкер оны қолмен жүргізуге мәжбүр. Қосымшаны әрбәр берілген чегі бойынша кіріс сомасы тізілімінде ескеріледі. Бір күндегі, бір айдығы кіріс мөлшерін көруге болады. Кәсіпкерлерге ыңғайлы болу үшін таңдаған салық режиміне байланысты жалпы салық кезеңі бойынша да кірістер көрсетіледі. Сонымен қатар, барлық кірістер бойынша қосымшаның чектері қалыптастырылмайтындықтан, кірістер тізілімінде қолмен толықтырулар еңгізу мүмкіндігі қарастырылған. Сондықтан бақылау – касса машинасының чектері бойынша кірістерді, сондай-ақ жеке кәсіпкер шотына қолма-қол ақшасыз аударымдарды және басқа да кірістерді көрсету бөлігінде толықтырулар еңгізу мүмкіндігі қарастырылған. Сондай – ақ тауарлардың арзандауы, үстеме бағасы және тағы басқа жағдайында түзетулер көзделген.

Тайынша ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

БАБА ТІЛІНІҢ БАҒАСЫН БІЛЕЙІК

Қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Алаштың арда азаматының бұл жолғы мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде әлемнің бірнеше елінде, әрине, алдымен Қазақ елінде кең ауқыммен тойланбақ. «Алаш» орталығының басшысы Сұлтанхан Аққұлұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы музей үйінің директоры Райхан Имаханбет бастаған топ 12 томдығын дайындауда. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 5 томдық академиялық толық шығармаларын дайындап жатыр! Тәуелсіздік алған кезеңнен бері мерейтойы мемлекет қолдауымен әлемдік деңгейде кең ауқымда аталып өткелі отырған Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын жоғары деңгейде өткізу - әр қазақстандықтың парызы болуы керек.

Тіл туралы ұғымның ауқымы өте кең. Адам бар жерде оның тілі болады, яғни қандай да бір ұлт бар жерде тіл пайда болады. Сол ұлтпен бірге өмір сүреді. Егер ана тіл жоғалса, онда біртіндеп ұлт та жоғалады. Сондықтан ұлт ретінде қоғамдағы орнында анықтау үшін туған тілінің өміршеңдігін кез келген ортаға мойындата білуге міндеттісің. Ал ұлттық тіл мен оның әдебиеті туралы сөз қозғағанда, тіл төңірегіндегі түрлі таласты әңгімелердің туындауы заңдылық. Тіл майданы – тілдің саяси астарына үңілуді, төл тілінің тағдыры үшін күресуді үйретеді. Міне, осы тұста толып жатқан тілдердің бір-бірімен «ұлы айқасы» басталады. Айқастың аты – айқас. Бірі – жеңіліп, бірі – жеңуге тиіс. Мұндайда түрлі қитұрқы әрекеттер бас көтереді, жымысқы саясаттар да тұс-тұстан анталап, тоқпағы күштілердің саяси бағыттары басшылыққа алынып іске асырылады. Жалпы, тіл саясаты дегеніміз қандайда ұлыс «ұлт» ретінде қалыптасқан күннен бастап, қатар жүретін ұғым. Ұлт үшін оның тілінің атқаратын маңызы өте зор. Кім өзінің тілінің түп-тамыры жоқ немесе «тілдік қоры аз» деп, өзге «басым тілдің» жетегіне еруші еді?! Әлбетте, кеудесінде жаны, жүрегінде намыс оты бар сауатты адам өзінің ана тілін қорлатпайды. Сонымен, тіл майданы дегеніміз тіршілікте күн тәртібінен түспейтін күрделі де саяси маңызы зор өзекті мәселе. Тарих төрінен орын алатын ұлттың «тілі – озық, мәдениеті – жоғары» болатыны айтпаса да түсінікті. Өзінің ықылым заманнан атамекені анық ұлыстардың тіл майданынан қалыс қалуы мүмкін де емес!

Қазақ деген ұлыстың ұлт болып қалыптасуының тамыры тереңде, оның бірі-бірімен қатынас құралы ретіндегі ана тілі – сөйлеу тілі болғанымен, жазуы ілгері жұрттың таңбасына тәуелді болғаны тарихтан белгілі. Ғасырлар бойы озық жұрттың таңбасына таңылу, тіл майданында өзінің тарихи тұлғаларын күрес сахнасына шығарды. Қазақ халқының дербес ел болып қалыптасу дәуіріндегі тіл үшін күрескен тұлғалардың тарихтан алар өзіндік орындары бар. Атап айтсақ, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Құдайберген Жұбан, Халел Досмұхамбетұлы, Мағжан Жұмабай, Міржақып Дулатұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы тағы басқалар.

Ұлттық тілімізге төтеден түрен салып, дербестік әперу бақыты – Ахмет Байтұрсынұлының маңдайына жазылған тағдырдың тауқыметті де ең үлкен сынағы болды.

«Ахмет Байтұрсынұлы түрлеген ана тілдің» ұлт тілі ретінде мойындалуы оңайға түскен жоқ. Сан рет сүзгіден өтіп, талай-талай талқыға түсті. Ғылыми мен білімі озыған елдердің ғалымдары да бодан елдің болмысы бөлек баласының бойындағы «ұлттық бұлқынысты» көрді. Дарын иесі А.Байтұрсынұлының даралығын таныды, әрі үлкен сынақтан сүрінбей өткенін мойындады. Бұған тарихта қалған мұрағат деректері – куә.

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», «Дербес өмірге төл әдебиеті бар халық қана таласа алады» деп ХХ-ғасыр басында айтқан ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың тілі мен әдебиетінің ғылымилануына бар өмірін сарп еткен бірден бір тұлға. Әлбетте, А.Байтұрсынұлына дейін де қазақта сөйлеу тілі болғаны ақиқат нәм ол тілдің бабалардан

бастау алғаны да анық. Бұл күні ұлттымыз үшін әдебиет десе, Абай – Ахмет – Мұхтар, қазақ тілі десе, Ыбырай – Ахмет – Құдайбергендердің қаз-қатар айтылуы үйлесімін тапқан дәстүрге айналды. Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлының пайымына жүгінсек, «...Қазақ тілінің дамуына жер жаралып, су аққалы бергі қалған қазақтың қосқан үлесі бір пара да, Байтұрсынұлының бір өзінің сіңірген еңбегі бір пара. Сол арқылы түркітануға да келелі үлес қосты. Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тіл ашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар. Ұлттық тіл біліміне түпкілікті темір қазық болар мәңгілік үлестер. Кейде күллі бір ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғаны таңданбасқа болмайтын жайт. Кейде,



150
ЖЫЛ
Ахмет
Байтұрсынов

шіркін, сол сабаз қазір тіріліп келсе ғой дейсің. Бізге ұят болғанымен, ең үлкен мәртебеге енді ие боп, соны әлі дұрыстап иегере алмай жатқан сорлы қазақ тілінің сауабына бір қалар еді-ау деп ойлайсың» деген екен «Ұлағатты ұстаз» атты мақаласында.

Шын мәнінде, тәуелсіздік кезеңінің тіл, әдебиет саласында жүрген зерттеуші ғалымдары Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық ғылымға жасаған еңбегін жазушы Әбіш Кекілбайұлындай жіліктеп талдап, бүгінгі жаһандану дәуірінде тіл мен әдебиеттің ұлттық тамырынан айырылмауына жұмыс істеуге міндетті. Иә, технология билеген заманда адамзат үшінші мыңжылдықты қарқынды даму үдерістерімен қарсы алуда. Қарқынды дамудың бір көрінісі техникалық ғылым салаларының адам нанғысыз жетістіктерге қол жеткізуі. Осыдан бір ғасыр бұрын адам баласына «аяқ немесе қолдың протезін 3D принтерімен шығаруға болады» деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмейтін жағдай еді. Ғылымның зымыран дәрежеде дамуы адам дүниетанымына өзіндік жағымды нәм жағымсыз әсерін тигізеді. Жалпы, адам дүниетанымын қалыптастыруда ғылыммен қоса, руханияттың орны ерекше. Руханият – тіл мен әдебиетке тікелей қатысты, маңызы жағынан дінмен қатар тұратын ұғым.

Әсіресе, қазақ халқы үшін тіл мен әдебиеттің орны бөлек. Халқымыздың салт-дәстүрі, жөн-жоралғысы, ырым-пайымдары, тарихы, өнері осы тіл мен әдебиеттен туындайды. Басқа ұлттарға қарағанда, тіліміздің сөздік қоры өлшеусіз мол. Тіліміздегі сөздердің тереңдігі, құнарлығы, бейнелігі, әдемілігі, шешендігі, қанаттылығы, алуандығы, ойлылығы, әуенділігі, наздылығы, астарлығы, т.б. тұстарын сөзбен жеткізу үлкен өнер. Қазақ тілі небір нәубәтті басынан өткерген, тағдырында көп қиындықтарға мойымаған жасампаз тіл. Ресей империясының, кейін Кеңес жүйесінің сұрқия саясатының барлық қитұрқы амалдарына қарсы тұрып, өзінің өміршең тіл екендігін дәлелдеп шықты. Құдайға шүкір, әлемдегі тарихтан өшіп кеткен тілдер мен ұлттардың қатарында емеспіз. Тіл бен әдебиеттің сақталуы, осы жолда талмай еңбек еткен тұлғалардың жанқиярлық ісі екені хақ. Математика, физика, химия, биология секілді, т.б. ғылым салаларында нәтиже бірден шығарылған есеп, дәлелденген теорема сияқты көзге көрінетін нәтижелермен белгілі болады. Тіл мен әдебиетте олай емес, тілдегі құбылыстарды заңдастыру үшін материал қоры жинақталуы қажет. Ал оны жинақтау айлар мен жылдардың еншісіндегі сынақты дүние.

Қазақ тілі мен әдебиеті – филологияның қос қанаты сықылды. Ең өкініштісі, тіл мамандары мен әдебиетшілер зерттеу нысандары ортақ екенін ұмытып, өз тақырыптарын сала-салатып «балалалатып» қарапайымды «күрделендіріп» жатады. Бұған түрткі болатын батыстан енген «узкая специализация» деген ұғымның ықпалы. Осы «ұғымды» ұстанған батысшылдар ғылымға, әсіресе жас зерттеушілерге белгілі деңгейде талаптар қойып отыр. Ол талаптар жаратылыс саласына мүмкін кейбір шарттарда дұрыс та шығар, бірақ руханиятқа немесе гуманитарлық ғылымдарға «тұсау» болады. Соңғы уақытта барлық ғылым саласында инновация деген пайда болып, «сәнге» айналды. Қандай жұмыс болсын осы «инновация» болмаса еңбегіңіз жарамсыз. Ұлттық сөз саптасымызда келсін-келмесін «инновацияның» иісі шығып тұруы керек. Сол «инновация» қазақшалағанда, «жаңаша ойлау, жаңа тәсіл» дегенді білдіреді. Ал осы «инновацияны» бүгінгілер тіпті «науқанға» айналдырып алды. Мәселен, тіл мен әдебиетке арналған кейбір мақалаларда зерттеуші «нені айтқысы келгенін, өзге түгілі өзі де түсінбейтінін» аңғармайды. Бұл жерде біреуді кемсітуден аулақпыз, десек те мынадай тіркестер: «Стилистика ұғымының трактовкасы және теориялық поэтика мен теориялық лингвистиканың арақатынасы», «Тілдегі модальділік, идиоматикалық құбылыстар мен дейксис, символ құбылыстары адамның психофизикалық ерекшеліктерінен туындаған тілдік таңбалар», «Психолінгвистиканың негізгі ұғымдарының бірі – ассоциация», «Ассоциациялық эксперимент», «Поэтикалық мәтіндегі метафизикалық концептілер» не орысша, не қазақша емес толып жатыр.

Филология ғылымында жазылып жатқан осындай «тың ізденулерде» батыстық тілтанымға еліктеушілік басымдық алған. Бұдан ұлттық ғылымның «шұбарланбаса» дамымайтыны әрі байымайтыны анық. Қазақтың ұлттық әдебиеті қандай деңгейде зерттеліп, зерделеніп жатыр, әдебиет тарихы, теориясы, сыны, мәтіні, библиографиясын қамтитын салаларда қандай мәселелер бар. Әдебиет ғылымының мақсаты қазақ әдебиетінің пайда болуы, қалыптасуы, даму жолдарын зерттеу. Ұлттық әдебиеттің халық руханиятына, сана-сезімі мен ұлттық танымына әсерін пайымдау. Әдебиеттің тарихи бағыттары мен жекелеген жанр түрлерінің қазақ әдебиетінде өсіп-өркендеу жолдарын анықтау, ғылыми тұжырымдар жасау күн тәртібінен түспейтін өзекті тақырыптар.

Қазақ әдебиеті тарихының негізгі мәселелерін жан-жақты шешіп зерттеуде ғалымдар тарихи нақтылыққа, яғни әдеби құбылыстарды тарихи даму үдерісінде, әрбір шығарманы, әрбір ақынды өзінің туған тарихи-қоғамдық ортасына сай зерделеуге тырысады. Әдебиет тарихын зерттеудегі ең үлкен кемшілік – түпнұсқа материалдарды жан-жақты зерттеліп игерілмеуі. Ақиқатында, сол кезең жазуын анық танитын мамандардың тапшы болуы.

Ертеректе тіл мен әдебиеттің өзекті мәселелері қатар қарастырылатын еді. Қазір бұл үрдіс жүрісінен жаңылғандай... Ғылыми дәреже алу үшін асығыс жазылған шала еңбектер саны қаншама?! «Әдебиет – ардың ісі» деген қағиданы ұмытқан «меңіреу» оқымыстылар мен қаламгерлерден қарапайым халық та шаршады. Айтар ойымызды мына өлең жолдарымен түйіндегенді жөн көрдік.

«...О, Түркі тілі!

– Шыққан төркінің қайда?!.

– Шығар төрің қайда?!.

– Төркінің ата-бабалардан шығар....

– Төрің келер бала-даналардан шығар....

– Біз солардың арасын қоса алар көпірміз бе?

– Жоқ, әлде жолда адасқан нөпірміз бе», – демекші, түркі тілінің бір тармағы қазақтың тілі мен әдебиетін түп қазығы бабалар тілімен ғылым тіліне айналдыру – бүгінгі ұрпақтың міндеті екенін еске салу. Осы жолда «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, елдігіміздің басты нышаны ұлттық тілімізге қызмет ету баршамыздың перзенттік парызымыз.

Райхан ИМАХАНБЕТ,

Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі.

* Дін және Қоғам

“ҚАРАЛЫ ҮЙДЕ ҚАЗАН АСЫЛМАЙДЫ

осыны әр қазақ шынайы өмірде жүзеге асыруы тиіс”

Дәстүрлі айдарымыздың кезекті қонағы – “Қызылжар” орталық мешітінің бас имамы Хамзат Әділбеков оқырмандарымыздан түскен сауалдарға жауап берді. Соны назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Айнұр Жағыпарова, Мамлютка қаласының тұрғыны:
– Менің сұрағым қарыз алу және оны қайтару туралы болмақ. Мен студент кезімде, яғни, осыдан 20 жыл бұрын бір кісіден бес мың теңге қарыз алған едім. Ақшадан қысылып жүрген кезіміз ғой. Мен ұмытып кеттім бе, әлде ол кісі сұрап мазамды алмады ма, әйтеуір, қарызымды дер кезінде өтемедім. Қасиетті Рамазан айында кімге не берешекпін соның бәрін қайтарудамын. Әлгі кісінің аты да, жөні де, тіпті қайда тұратыны да есімнен шығып кетіпті. Қарызымнан құтылу үшін бес мың теңгені мешітке садақа ретінде берсем бола ма?

– Біздің ата дініміз қарыз алу және қайтару мәселесіне ерекше ыждаһаттылықпен қарайды. Исламда қарыз берудің өзіндік әдептері бар. Біріншіден, қарызды сауабынан үміт ете отырып, жақсы ниетпен беру керек. Өйткені Алла тағаланың “Көркем түрде қарыз беріңдер” (“Мүзәммил” сүресі, 20-аят) деген бұйрығы бар. Екіншіден, қарыз бергені үшін міндетсінбеу маңызды. Бұл туралы “Бақара” сүресінің 262-аятында “Мал-дүниелерін Алла жолында жұмсап, кейін бергендеріне міндетсіз және реніш араластырмайтындардың сыйы – олардың Раббысында. Оларға қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды” делінген. Үшіншіден, қарызды қайтаруды талап еткенде әдепті әрі жұмсақ болу керек. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): “Сатып алып, сатқан кезде және қарызды беріп, қарызды алған кезде жұмсақ болған адамды Алла Жәннатқа кіргізісін”, – деген.

Сондай-ақ уәделі мерзімінде қарызын қайтара алмай қалғанға қосымша уақыт беру де – қарыз берушінің әдебіне жатады. Себебі “Бақара” сүресінің 280-аятында “Кімде-кім (қарыздар кісі) қиын жағдайда болса, онда жеңілдегенше күту (керек). Ал садақа етулерің, егер білсеңдер, өздерің үшін қайырлы”, – деп жазылған.

Ал сіздің жағдайыңызда қарызды қайтару мәселесі басқа. Егер сіз қарыз берген кісіні іздеп, таба алмасаңыз, мойнымдағы парыз өтелсін деген ниетпен мешітке садақа ретінде беруіңізге әбден болады. Өмір болғандықтан адамдар кейде қарыз алып, кейде шығынға да ұшырап жатады. Жалпы қарыз алу мәселесіне жеңіл-желпі қарамаған абзал. Өйткені ол – кісінің ақысы. Кісі ақысын жеуді халқымыздың дәстүрі де жақтамайды. Қарызды алған немесе берген адам да қанша мөлшерде бергенін қағазға жазып алуы керек. Сол кезде екі тарапта да сенбеушілік болмайды. Күндердің бір күнінде әлгі кісі сізді тауып алып, бес мың теңгемді беріңіз десе, қайтаруға міндетсіз.

Назым Хамзина, “Алтын алқа” иегері, Қызылжар ауданының орталығы – Бескөл ауылының тұрғыны:

– Дін мен дәстүр сабақтастығы туралы ұғым бар. Бірақ кейде біздің ата дәстүріміз дінмен сабақтаспай қалып жатады. Мысалы, қаралы үйде қазан асылмайды деген қанатты сөзді бұрынғы бабаларымыз қатты ұстанған. Бүгінде, керісінше, жақынынан айырылған жандар шығынға белшесінен батып жатады. Астатөк дастарқан жасайды, семіз жылқы сояды. Осыған тыйым болу үшін сіздердің тараптарыңыздан қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Біздің еліміз Құдайсыз қоғамда өмір сүрген 70 жылға жуық уақыттың ішінде көптеген дәстүрлерінен айырылып қалды ғой. “Қаралы үйде қазан асылмағаны” ақиқат еді. Қазір мұны елеп жатқан адамдар шамалы. Керісінше, жақынынан айырылып, қайғы жұтып отырған үй қарызға белшесінен батып, ас-ауқат сатып алады. Еттің де тәуірін алу керек. Бұл дұрыс емес. Бауырлас өзбек халқында қаралы үйде қазан асылмайтын дәстүр бүгінге дейін сақталып отыр. Ол жақта, керісінше, жақыны қайтқан үйге көңіл айту үшін барған адамдарды туыстары, көрші-қолаңы пісіріп әкелген аспен тамақтандырады. Бізге де ұмытылған салтымызды жаңғырту керек. Бірақ бұл тек қана мешіттің жұмысы емес. Оған қоғам болып атсалысуымыз керек. Қайсыбір жылдары Солтүстік Қазақстан өңірінде дұға, астарда арнайы ас мәзірі қабылданған болатын. Ет дастарқанға мүшелеп емес, тұрап әкелінетін болды. Бұл талаптарға жерлестеріміздің еті үйреніп келеді. Туысы о дүниелік болған үйдің әрқайсысына барып, біз қазан көтермеңдер деп міндеттей алмаймыз.

Арман Асылбек, шекарашы:

– Менің сұрағым ауызашардағы ас мәзіріне қатысты болмақ. Ауызашарларға барсақ тойға келгендей күй кешетініміз жалған емес. Мынадай қымбатшылық заманда бұл дарақылық қой. Мешіт арнайы ас мәзірін бекітті ме?

– Арнайы ауызашар мәзірі жоқ. Бірақ ауызашар дастарқанының да қарапайым болғанын қалаймыз. Мешітке атқарылып жатқан ауызашарлардың көбі бір деңгейде ұйымдастырылуда. Яғни, біз дастарқанға палау секілді жеңіл-желпі тамақтардың қойылуын қадағалап отырмыз. Таң қараңғысынан кеш батқанға дейін адал астан өзін тыйған мұсылманға бір үзім нан, бір жұтым су беріп болсын ауыз аштырғанның сауабы орасан зор. Күні бойы ашқұрсақ жүрген адам қазы-қарта, жал-жая жей алмайды ғой. Сол жағын да ескеруіміз керек. Тағы бір айтпағым, мешіт асханасынан бөлек, үйде немесе мейрамханаларда ауызашар жасасам деген адамдар легі аз емес. Біз оларға дастарқанға анау тағам түрін қой, мынаны қойма деп міндеттей алмаймыз.

Аида Жантілеуова, мұғалім, Петропавл қаласының тұрғыны:

– Соңғы уақытта дін сәнге айналып бара жатқандай. Неге десеңіз, бір уәж айта қалсаңыз болды, кейбір адамдар исламның қағидаларымен қорқытады. Бұлардың қатарында танымал өнер адамдары да кездеседі. Сіз бұған не дейсіз?

– Халқымызда “Аңқау елге арамза молда” деген мәнді сөз бар. Бұл сөз бүгін де құнын жоймады. Олай демеске амалымыз жоқ. Қарап отырсақ, дәстүрден тыс діни ағымдар тыныш қоғамды іштей іріту үшін діни сауаты жоқ жандар мен жүрегі алып-ұшқан жастардың қолымен от көсеп жатқандығы өзегінді өртейді. Алайда діни сауатсыз қандастарымыз бен жастарымыз теріс пиғылды топтың өз жұмысын нақты қандай әрекеттер арқылы жүргізетінінен бейхабар әрі дәстүрден тыс діни ағымдардың белгілі бір діни мақсатты көздейтін ұйым екендігін де біле бермейді. Ал мұның салдарынан түрлі діни ағымдардың жетегінде кету арқылы отбасын ойрандатап, қоғамды шулатып, экстремистік, террорлық іс-әрекет жасап, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне орасан зиян тигізу әрекеті ортаға шығуда. Жалпы пайғамбарымыздың: “Адамдарды дінмен сүйіншілеңдер, қорқытпаңдар”, – деген хадисі бар. Адамдардың Аллаға сенгені, адал жүріп-тұрғаны, шыншыл болғаны, адамгершілік қасиеттерін берік ұстанғаны қуантады, әрине. Бірақ мұндай қасиетті біз, ең алдымен, өзімізден талап етуіміз керек. Өзгеге дінді толық білмей тұрып, үкім айтуға құқығымыз жоқ. Бір-екі аятты немесе хадисті жаттап алып, ел ішінде “мен білімдімін, сен надансың” дегендей әрекетке барып жүрсек исламды кім құрметтейді?

Өмірде әр нәрсенің өз иесі бар. Ал Исламды қорғап, оны ақыретке дейін сақтап тұратын Иесі, сөз жоқ, Алла тағала. Алла Исламды жоқтайтын жандарға немесе оны насихаттайтын адамдардың амалына мұқтаж емес. Қазіргі ақпараттың аласапыран уақытында адамдар діни қақтығыстар туралы теледидардан көргеніне, діни сауаты жоқ адамдардың сөзіне ереді, соған иланады. Астарына үңіліп, ізденіп, саралап, ой жүгіртіп жатпайды. Исламды саяси құрал ретінде пайдаланып, жеке басының немесе топтың мүддесін ойлап, асыл дініміздің абыройына нұқсан келтіріп жатқандарды Аллаға тапсырамыз.

Самал Мұхамеджанова, Абай атындағы қазақ мектеп гимназиясының мұғалімі:

– Петропавлдағы мешіттерде балаларды имандылыққа тәрбиелейтін үйірмелер бар ма?

– Бүгінде қаладағы мешіттерде сауат ашу курстары бар. Онда жүзге тарта шәкірт білім алып жатыр. Үстіміздегі жылғы 24 сәуірде жасөспірімдер арасында Құран жарысы болды. Бас жүлдегерге Умра қажылығына жолдама берілді. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар тапсырылды. Бұл шара өңір кәсіпкерлерінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Сағадат Думанұлы, Тимирязев ауданының тұрғыны:

– Жуырда келіншегім мешітке Құран бағыштамақ ниетпен барған еді. Күзетші басыңызда орамалыңыз, үстіңізде кең етек көйлегіңіз жоқ деп шығарып жіберіпті. Бұл қаншалықты дұрыс. Иmandылық адамның жүрегіне Алланың бұйрығымен орнамай ма? Діннің әдептерін білмеген қыз-келіншектерді мешіттен қуып шыға берсек, олар Алланың таза жолына қалай түседі?

– Жалпы кез келген адам мешітке бас сұғарда қай жерге бара жатқанын біліп, ішкі ниетіне, сыртқы келбетіне назар аударуы керек. Мешіт – Алланың жердегі үйі. Сондықтан Алланың сөзі сөйленетін, бұйрықтары айтылатын киелі орынға біз исламның талаптарын сақтай отырып баруымыз керек. Ал күзетшінің болсын, имамның болсын ғибадат үйіне келген адамды ауыр сөз айтып, шығарып жіберуіне құқы жоқ.

Дайындаған: **Нүргүл ОҚАШЕВА**, журналист.

КЕЛІНІ ЖАҚСЫНЫҢ КЕРЕГЕСІ АЛТЫН

Отбасындағы ең әлсіз әрі нәзік тұс – ене мен келін қарым-қатынасы. Екеуі де маңызды әрі қымбат тұлға: ене – отағасын дүниеге әкеліп, жеткізген жан, келін – жігіттің аманаты, балалардың анасы. Үш тарап үшін де ең көркем амал – отбасындағы татулық пен мамыражайлықты ұстап тұру. Алайда бұл мүмкін бола бермейтін жағдайға айналып бара жатқаны ащы шындық.

Ерегісте өмір сүріп жүрген ене мен келін жоқ емес, бар. Бір үйге сыйыса алмай ма, бір ас үйді бөлісе алмай ма, басқа бір себеп пе? Әйтеуір, үйдің берекесін келтіріп отыруға тиіс екі кісі тіл табыса алмай, керісінше берекені қашырып жүреді. Кейбіреулері келіспеушіліктерін жасырып-жабуға тырысса, енді біреулерде ашық та жария соғыс секілді. Сол себептен көптеген келін-бала бөлек шығып жатыр. Бұл жағдайдың отбасына тигізер кері әсері көп. Бірінің алдында перзенттік, екіншісінің алдында жұбайлық парызы бар. Анасы мен жарының жарастықта өмір сүре алмауы, ең алдымен, күйеулерді есінен тандырады. Көбіне күйеулер “не істесеңдер де, өздерің біліңдер, мені араластырмаңдар” деп, “соқыр, мылқау, танымас тірі жан” образына кіреді. Бірақ бұл әдіс барлық жағдайда бірдей дұрыс бола бермейді. Қартайғанда адам бала болады дегенді естіуіңіз бар болар? Рас тұжырым. Ата-аналар жасы ұлғайған сайын ұл-қызынан бұрынғыға қарағанда көбірек қамқорлық күтетіні, көңіл бөлгенін қалайтыны ақиқат. Сондықтан анаңыз даусын қатты шығарып, келінге қатқыл сөйлесе, бұл өзіне назар аудартқысы келгеннен болуы әбден мүмкін. Бұған көніп, бар уақытын, күшін ата-ананың батасын алуға арнайтын келіндер бар. Ал енді біреулер ата-ененің айтақанымен жүргісі келмейді. Жас кезінде өмірдің қызығын көргісі келеді. Немесе бойда қуаты барда жұмыс істеп, табыс табуға ұмтылады.

Жігіттің таңдаған жары оның анасына ұнамаса, немесе келіні енесімен тіл табыса алмаса бөлек тұрғандары дұрыс, әрине. Ал келінді тәрбиелеймін, өзімді сыйлатамын деген бекер әуре. Өйткені туғаннан тәрбиесі бөлек біреудің баласын қалай өзгертуге болады? Келін мен ененің әңгімесі жараспаса, ең дұрысы – алыстан сыйласу. Сонда “құда да тыныш, құдағи да тыныш” демекші, ене де жақсы, келін де келсап болмайды.

Әрине, өмір болған соң жағдай да түрліше, адамдар да сан алуан. Сондықтан да өмірді сүрудің, отбасы болудың айқын формуласы жоқ. Әркім өзі үшін дұрыс шешім қабылдайды.

Негізінде, қазақтың дәстүрлі отбасында ене мен келін арасындағы қарым-қатынаста ешқандай қиындық болған емес. Халқымызда жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал және ар дауы дегендер болды, алайда ене мен келін дауы дегенді естімедік. Ене мен келінге Төле би төрелік айтып, Қазыбек би қиындықты шешіпті деген дерек жоқ.

Екі арадағы келіспеушіліктер туралы ешбір шешендік сөз, мақал-мәтел кездеспейді. Ене мен келін институты ықылым замандардан ұрпақ сабақтастығы арқылы жетіп отырған.

“Ерлі-зайыптылардың арасына есі кеткен түседі” демекші, жалпы ерлі-зайыптылардың арасындағы келіспеушіліктерге үнемі араласа беруіміз дұрыс емес-ау. Өз басым “Келін өз орнын білуі керек”, дегенмен мүлдем келіспеймін. Ол да біреудің мәпелеп өсірген қызы. Келінге алдымен ене үлгі болуы қажет. Келінді тәрбиелейтін біз ғой, енелер. Олардың жаңа отбасыға сіңісіп кетуіне бірнеше жыл керек. Осы жылдар ішінде ене жылы қабақ танытуы шарт деп ойлаймын. Білмеймін, әркімнің жағдайы әртүрлі. Дегенмен, отбасында киікшілдік туып жатса, ұлмызды емес, келінді қорғаштауға тырысайық. Іштен шыққандықтан, ана мен баланың арасы көп ұзамай жарасады, екеуінің бір-біріне деген мейірімдері оңайлықпен сөне қоймайды. Алайда ене мен келіннің, келін мен баланың арасындағы суықтықты жылыту, алшақтықтың орнын толтыру оңай шаруа емес. Керісінше, келіннің көзінше баласына: “Өзіңнен де бәле бар! Нең бар еді соны айтып?” деген сияқты жеку сөздер айтып қойсақ, артық болмайды.

Енелер өздерін баласы мен келіннің арасындағы жарастырушы “алтын көпір” екенін ұмытпағаны абзал. Келін тарапынан болған қателіктерді, келеңсіздіктерді, кемшіліктерді баламыздан жасырып қалуға ұмтылайық. Бір-бірінің “жамандығын жасырып, жақсылығын асырып” жүрген ене мен келіннің қатынасы қандай көркем?! Мұндайда ешбір адамның мінсіз болмайтындығын еске алуға болады. Тіпті екі адамды татуластыру үшін өтірік айтсақ ағаттық емес екен.

Екінші жағынан, енелер: “пәленшенің келіні былай жасайды екен, түгеншенің келіні бір керемет қой”, ал келіндер: “құрбымының енесі мынадай, әпкемнің енесі ғажап” деп өзгелерді бір-бірінің көзінше мақтап, мысын басып, титығына тиюі дұрыс емес шығар? Біз идеал санаған келіннің немесе ененің өз шаңырағына ғана белгілі кемшіліктері бар. Одан да мүмкіндігімізді пайдаланып, өзгелер сүйсінетін, өзгелерге үлгі болатын ене мен келінге айналуға әбден бол ады.

Ол үшін өзгенің міндетін талап етпес бұрын, өз міндеттерімізді атқаруды қолға алу керек-ақ.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, келіндердің енесіне жасаған әр әрекеті – өзінің енелік өмірінің кірпіші. Көркем мінезді келінге қол жеткізгісі келген әйел өз енесіне қолынан келген құрметті аямау керектігін түсінсе игі.

Қаламқас Жаманбаева, зейнеткер.

АДАМ МЕН ТАБИҒАТ — ЕГІЗ

Қоршаған ортаны қорғау, жасыл желекті көбейту мәселесі өркениетті әлем жұртшылығының басты назарында. Бізге де мұндай үрдістен шет қалуға болмайды. Қазақстанда жер, жер қойнауы, жерүсті және жерасты сулары, атмосфералық ауа, орман мен өзге де өсімдіктер, жануарлар дүниесі, тірі организмдердің гендік қоры, табиғи экологиялық жүйелер, климат, жердің озон қабаты жойылудан, тозудан, зақымданудан, ластанудан өзге де зиянды әсерлерден заңмен қорғалады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында “жасыл экономиканы” дамыту, қоршаған ортаны қорғау жайына арнайы тоқталған болатын. Үкіметке экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шараларды нақты жүзеге асыруға кірісуге, оның ішінде биологиялық әркелкілікті сақтау және тиімді пайдалануға бағытталған ұзақмерзімді жоспарларды бекітуді, бес жыл ішінде орман алқабында 2 млрд., елді мекендерде 15 млн. ағаш отырғызуға, Экологиялық кодекс және Жануарларды қорғау туралы заң жобаларын әзірлеуге тапсырма берді.

Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басты қызметі – нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, өз өкілеттігі шеңберінде облыс аумағындағы табиғи ресурстарды мемлекеттік басқару және табиғат пайдалануды реттеу, қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру. Орман алқаптары мен жануарлар дүниесінің өсімін молайту, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аймақтар желісін дамыту жөнінде бағдарламалар әзірлеу, оларға әкімшілік ету, қалдықтарды жою және орналастыру бойынша нысандар құрылысын жүргізу, экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіру, мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру, оны орындау жобаларына қатысу, шаруашылық нысандарының мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастыру және жүрізу, қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін дайындау, тағы басқа мәселелер біздің міндетімізге кіреді.

Қазақстан орманды алқабы шағын мемлекеттер қатарына жатады. Жасыл желек қоры 30 млн. гектарды, яғни, ел аумағының 11 пайызын құрайды. Біздің облыста оның үлесі 5,5 пайыз ғана. Жалпы орман қоры 549,5 мың гектар. Осынау аумақта құрамында 580 адам бар 12 орман шаруашылығы мекемесі жұмыс істейді. Оларға орман алқаптарын тиімді пайдалану, қорғау, ағаш өсіру, өртпен күрес жүктелген. Ормандардағы ағаштарды көбейту жөніндегі тапсырмаға сәйкес 2030 жылға қарай оның көлемі 5,7 пайызға дейін ұлғайтылмақ. Осыған орай 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар әзірленіп, бекітілді. 2021 жылы көшет отырғызу жұмыстары 869 гектарда жүргізіліп, 3,6 млн. түп ағаш егілді. Биылғы жеке – 1700 гектар алқапқа 6,12 млн. түп көшет отырғызу. Жоспар аясында 2025 жылға дейін 20 мың гектар жерде 116 млн. ағаш жайқала өсетін болады.

Қоршаған ортаның ластануы атмосфералық ауада, жерүсті және жерасты суларында, топырақта немесе жер бетінде ластағыш заттардың, жылудың, шудың, дiрiлдiң, электромагнит өрістерінің, радиацияның мемлекет белгілеген қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтерден асатын мөлшерде болуына байланысты. Ал ластағыш заттар қоршаған ортаға түскен кезде айналаның табиғи тепе-теңдігін бұзу, табиғи орта құрамдастарының сапасын нашарлататын, экологиялық залал не адамның өміріне және денсаулығына зиян келтіруге қабілетті қатты, сұйық, газ, бу тәрізді күйде болуы мүмкін. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, өскелең ұрпақ бойында экологиялық құндылықтарды орнықтыруға, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бастамалардың тәрбиелік мәні айрықша екені ескеріліп, бұл жайттар орман шаруашылығын өркендетудің перспективалық жоспарында кеңінен қамтылған.

2012 жылдан бастап мектеп орманшыларының курсы жүйелі түрде өткізіледі. “Жасыл ел” еңбек жасақтарының қатарында 10 мыңға жуық жеткіншек бар. “Birge – таза Qazaqstan” акциясы аясында экологиялық білім беруге баса көңіл бөлінген. Мақсат – қоршаған ортамен өзара әрекеттесу, табиғаттың адам үшін маңызын түсіндіру, еңбек десанттарын ұйымдастыру. Бұл шаралар жеке адамның қоршаған ортаның жай-күйі үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен дағды жүйесінің, құндылық бағдарларының, адамгершілік-эстетикалық көзқарастың, жас ұрпақты тәрбиелеудің, оқытудың, өз бетінше білім алуының үздіксіз процесі саналады. Ормандарды қоқыстардан тазартуда волонтерлер, экологтар, жас орманшылар, оқушылар, студенттер – негізгі көмекшілеріміз.

Жасыл желектің ең қорқынышты жауы – өрт. Сондықтан былтырдан бастап өрт қаупі жоғарылайтын көктемгі-жазғы маусымдарда мемлекеттік орман қоры аумағына баруға тыйы салынып, шешімді жұртшылық түсіністікпен қабылдады. Қаулының орындалуын құрамында тәртіп сақшылары, төтенше жағдай қызметінің мамандары, орманшылар бар

мобильді топтар қадағалады. Тәртіп бұзғандар әкімшілік жазаға тартылды. Жасыратыны жоқ, өрт көп жағдайда жекелеген адамдардың салғырттығынан тұтанып жатады. Сіріңкені немесе темекі тұқылын сөндірмей тастау салдарынан өртенген орман алаңқайын қалыпқа келтіру үшін кемі жарты ғасыр уақыт қажет. Былтыр орманға қоқыс тастаған 18 адам, өрт қауіпсіздігі ережесін бұзған 118 адам шығынның орнын толтырып, айыппұл төледі. Орман алқаптарында 16 өрт оқиғасы тіркеліп, 34 гектар жер зақымданды. 3 млн. теңгеден астам материалдық шығын келген.

Мекемеде орман өртімен күресетін жұмыс топтары бар. Олардың құрамына орман шаруашылығы және жануарлар әлемі инспекциясының, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мамандары кірген. Жыл сайын өрт сөндіру техникаларының, құрал-саймандар мен жабдықтардың, қажетті күштер мен жауынгерлік әзірліктер тексеріледі. Соңғы үш жылда қызыл жалынмен күреске қазынадан 372 млн. теңге бөлініп, 11 өрт сөндіру автокөлігі, 2 өрт модулі, тағы басқа арнайы жабдықтар сатып алынды. Бүгінде орманшылар 27 өрт сөндіру көлігімен, 86 трактор және патрульдік көлікпен, 742 радиостанциямен қамтамасыз етілген. Орманды молайту жөніндегі жоспарлы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету үшін орман мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылып, бюджет қаражатынан 125 миллион теңге бағытталды. 12 трактор мен топырақ өңдеу тіркемелері алынды. Биыл тағы 200 млн. теңге бөлінеді. 1400 шақырым минералдық жолақ жырту жоспары бар.

Президент тапсырмаларының бірі – экономиканың өсімін мейлінше “жасыл экономика” жағдайына бейімдеу, көміртегінің үлесін барынша азайту бағытын ұстану, ғылыми қауыммен және жеке сектормен бірлесіп, ұсыныстарын жүзеге асыру. Көгалдандыру мәселесі басым бағыт болып қала береді. Өңірдегі орманды алқаптың негізгі қоры – қарағай мен қайың. Ағаш отырғызу үшін биіктігі 60 сантиметрден аспайтын 1-3 жастағы екпелер таңдап алынатындықтан, жаппай өсу ықтималдығы жоғары. Көшеттер орман тәлімбақтарында өсіріледі. Қазіргі уақытта облыстың орман шаруашылығы коммуналдық мекемелерінде екпе көшеттер өсіруге арналған 48 тәлімбақ жұмыс істейді. Мамандар өскіндерді бірнеше жыл бойы баптайды. Бұл ағаштар теріскейдің климатына бейімделгендіктен, тез жерсінеді. Ағаш отырғызу жұмыстары тиімділігінің басты шарты – көшеттерді уақтылы отырғызу. Өкінішке қарай, кей мекемелер осы жағын жете ескере бермейді. Бүгінде орман шаруашылықтары қолжетімді технологияларды қолдану арқылы қоршаған ортаға теріс әсерлердің деңгейін азайтуға, жобалық шешімдер, экологиялық қауіпсіздік, инженерлік қорғау мәселелеріне белсене атсалысуда. Отырғызылған ағаштардың жылдам өсуі үшін күтіп-баптау, сұрыптау, араларын сирету озық әдіс-тәсілдермен атқарылады.

Жаңа Экологиялық кодексте қалдықтарды жою және көму операцияларына жеке тараудың арналуы оларды механикалық, физикалық-химиялық, биологиялық өңдеу арқылы залалсыздандырудың, қайталама материалдық болмаса энергетикалық ресурстар ретінде пайдаланудың, қауіпсіз сақтау үшін арнайы белгіленген орындарға жинап қоюдың, термиялық өңдеудің оңай еместігін, қоршаған ортаны қорғау өткір мәселелердің бірі болып отырғанын аңғартады. Облыста қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау нысандарының 90 пайыздан астамы ауылдарда орналасқан. Соңғы 6 жылда қоқыс тастайтын жерлерді оңтайландыру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 125 заңсыз қоқыс алаңы жабылды. Қазіргі бары – 454. Алайда олардың 16-ында ғана рұқсат құжаттары толық, 333 нысанға жер актілері ғана рәсімделген. Қоқысты өртеймін деп жүріп “тілсіз жау” ырық бермей кететін фактілер де аз емес. Биыл “Ренет” саяжай қауымдастығында құтқарушылар оқиға орнына жеткенше, ондаған саяжай жанып кетті. Қалдықтармен жұмыс істеудің олардың тау болып жиналып қалуының алдын алуға, барынша азайтуға, есепке алу мен бақылау орнатуға, қайта өңдеп, кәдеге жаратуға әсері мол.

Биыл “Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы” Заң қолданысқа енді. Онда тіршілік иелерін қорғаудың негізгі қағидаттары белгіленген.

Табиғат байлығы есепсіз емес, сондықтан жерүсті және жерасты ресурстарын ұтымды пайдаланбай болмайды. Орман шаруашылығының қызметкерлері қоғам мен табиғат арасындағы делдал сияқты, олар қоршаған ортаны көздің қарашығындай қорғау, сақтау ұрпақ алдындағы маңызды міндет екенін жақсы түсінеді.

Бейбіт ИСМАНОВ, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы.

*Көпшілік Назарына! COVID-19: ЕЛОРДАДА САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ЕНГІЗІЛДІ

Аурудың қай-қайсысы болса да жақсы емес. Оның ішінде коронавирусы деп жүргенімізге де екі жылдан асты. Сала мамандары сақтық шараларын сақтауға шақырады. Көпшілік жиналатын жерлерге бармауға үндейді. Бірақ қауіпті індетті қайтару үшін қатаң тәртіпке бағыну керек екенін түсініп жүргендер аз.

Денсаулық сақтау министрлігінің кешегі мәліметіне сүйенсек, 19 571 адам коронавирусы инфекциясынан емделуде, олардың ішінде 1 472 пациент стационарда, 18 099 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. Індетке шалдыққандардың арасында 33 адамның жағдайы ауыр, 12 пациенттің жағдайы өте ауыр, 6 науқас ӨЖЖ аппаратында жатыр.

Еліміз бойынша екпе алушылардың да қатары күн сайын артуда. Нақтырақ айтсақ, бірінші компонент 10 777 692 адам вакцина салдырды, екінші компонент – 10 506 711 адам алған. Ревакциналандығандар саны – 4 977 049 адам. Ал Pfizer вакцинасының бірінші дозасын 1 231 796 адам салдырса, екінші дозасын 1 179 694 адам салдырды. Оның ішінде бірінші компонент вакцина салдырған жасөспірімдер – 869 781, жүкті әйелдер – 41 334, бала емізетін әйелдер – 145 108. Ал екінші компонент салдырған жасөспірімдер – 850 809, жүкті әйелдер – 39 024, бала емізетін әйелдер – 140 438 адам.

Денсаулық сақтау министрлігі Вакцинамен басқарылатын инфекцияларды бақылау басқармасының бас сарапшысы Айдана Ергасен коронавирусыға қарсы вакцина алу аурудан қорғандың бірден-бір жолы екенін алға тартты.

«Адам ең алдымен екі дозаны толық вакциналаудан өтуі керек. Содан кейін 6 айдан кейін иммунитет төмендей бастайды. Оны зерттеулер көрсетіп отыр. Сондықтан 6 айдан соң 3-дозаны, тағы 6 айдан соң 4-дозаны алуды ұсынамыз. Оның адам ағзасына кері әсері жоқ. Қайта коронавирус инфекциясына қарсы ұжымдық иммунитетті сақтап тұрады. Жаңа штамдардың шығуына тосқауыл болады», деді маман.

Елордада «Омикрон» және «Стелс-Омикрон» коронавирусы штамдарына байланысты эпидемиялық жағдай нашарлап, қаланың «сары аймаққа» өткенін жазған едік. Осыған байланысты Нұр-Сұлтан қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері бірқатар шектеу шарасын қабылдады. Дәлірек айтсақ, науқаспен жақын байланыста болған адамдарды қашықтан жұмыс істеуге ауыстыру, COVID-19-ға қарсы вакциналауға абсолютті қарсы көрсетілімдері бар қызметкерлерді және жүкті әйелдерді қашықтан жұмыс істеуге ауыстыру, адам көп жиналатын орындарға (сауда ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, жабық базарлар, концерт залдары, театрлар, кинотеатрлар, стадиондар және басқа да спорт ғимараттары және т.б.) барған кезде, сондай-ақ 5 жасқа дейінгі балаларды қоспағанда және тамақтану кезінде, қалалық қоғамдық көлікте жол жүрген кезде маска тағу, 10-нан аса адамның қатысуымен өтетін жиындарды онлайн форматқа көшіру ұсынылды.

Сонымен қатар елордалық санитарлық-эпидемиялық бақылау департаменті барлық адамды еш себепсіз көп жиналатын орындарға бармауға, шектеу шараларын сақтауға шақырады.

Нұр-Сұлтан қаласы санитарлық-эпидемиялық бақылау департаменті

* * * * *

МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ ТАРАЛУДА

Африка елдерінде ғана кездесетін маймыл шешегі кең таралып, бүгінгі таңда бұл инфекцияны жұқтырған адамдар әлемнің көптеген тұсында анықталып жатыр. Жағдайдың бұлай ұшығуы жаһандық ауқымда аландаушылық тудырып, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы маймыл шешегінің өршуін бүкіл әлемде төтенше жағдай деп жариялады. Бұл – эпидемияға немесе пандемияға әкелуі мүмкін қауіптің ең жоғары деңгейі.

Бұл мәлімдемені Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басшысы Тедрос Аданом Гебрейесус өткен сенбіде Женевада ДДҰ төтенше жағдайлар комитетінің екінші отырысынан кейінгі баспасөз мәслихатында жасады. Ол ұйымның мұндай шешімге келуіне әлемде вирус жұқтыру санының күрт өсуі себеп болғанын айтты. Жалпы алғанда, 23 шілдеде 75 елде 16 мың адамның инфекция жұқтырғаны анықталды. Ал бір ай бұрын бұл науқастардың саны 3 мың болды.

ДДҰ басшысы төтенше жағдайды жариялау туралы шешімді бес критерий бойынша қабылдайтынын түсіндірді. Оның бірі – вирустың таралу жылдамдығы. Бұл жағдайда маймыл шешегі бұрын кездеспеген елдерге тез таралды. Ұйым аталған инфекцияның таралу деңгейін Еуропада жоғары, ал әлемнің басқа тұстарында орташа деп бағалап отыр.

Ұйымның мәлімдемесі бойынша, маймыл шешегі вирусы қара шешек вирусына жақын, бірақ ондай жұқпалы емес әрі өлімге әкелмейді. Бұл инфекция тудыратын ауру әдетте оңай өтеді, шамамен желшешек сияқты, ал белгілері бірнеше аптадан кейін өздігінен кетеді. Алайда Батыс Африкада кейбір індеттер кезінде өлім саны 10%-ға жетті. Маймыл шешегінің алғашқы белгілері бойынша анықтау өте қиын. Бұл қызудың көтерілуі, бас ауруы, арқадағы ауырсыну, басқа да көптеген себеп болуы мүмкін. Науқастар қара шешекке қарсы вакцинамен немесе вирусқа қарсы препараттармен емделеді.

Қазақстанда бүгінгі таңда маймыл шешегі ауруына күдікті бірде-бір жағдай тіркелмеді. Еліміздің Бас санитарлық дәрігері – Денсаулық сақтау вице-министрі Айжан Есмағамбетованың айтуынша, мемлекеттік шекара арқылы өткізу орындарында санитарлық-карантиндік бақылау жүзеге асырылады. Мемлекеттік шекарада аса қауіпті ауруларға күдікті науқасты қашықтықтан термометрия арқылы анықтау бойынша іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

БАЛАБАҚШАЛАРДЫ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ

Балабақшаларды лицензиялау олардың жұмысын жақсартып, жемқорлықты азайтады және күрт қысқартуға әкелмейді. Бұл туралы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова Оқу-ағарту министрлігінің Facebook парақшасында өткен брифингте айтты.

Ол лицензиялау кезең-кезеңімен жүргізілетінін және оны енгізу 2024 жылға жоспарланғанын атап өтті. Яғни бұл мектепке дейінгі ұйымдарға жұмысты сапа стандарттарына сәйкестендіру үшін уақыт берілетінін білдіреді. Лицензия алу үшін балабақшалар ең төменгі біліктілік талаптарына сай болуы керек. Әңгіме жасалған жағдайдың сапасы, кадрларды іріктеу, бейнекамералар орнату, санитарлық және өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау және т.б. туралы болып отыр.

«Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдарды ашуға бірыңғай талаптар жоқ. Балабақша ашқанда қандай жағдай жасалғанын, кімді жұмысқа алады, материалдық-техникалық жабдықталуы қандай екенін ешкім тексермейді. Кейбір жекеменшік балабақшалар тіпті ашылғаны туралы да хабарламайды. Балабақшаларды лицензиялау 2011 жылы тоқтатылған болатын. Ол кезде бұл балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды арттыруға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні біз балабақшамен 100 пайызға дейін қамтуға қол жеткіздік. Елімізде 11 мыңға жуық мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның 5 мыңнан астамы жекеменшік. Енді біз сапа мәселесін бірінші орынға қойып отырмыз. Ешкім балабақша санын қысқартуды мақсат етіп отырған жоқ. Министрлікке ата-аналардан арыз-шағымдар түсіп жатыр. Егер балабақшаның жұмысы талапқа сай болса, онда ол еш қиындықсыз лицензия алады. Ал егер сәйкессіздіктер болса, оларды жою қажет. Міне бар-жоғы осы. Министрлік 2024 жылдан бастап кезең-кезеңімен лицензиялауды енгізеді. Балабақшадағы жұмысы сапалы жүріп жатқан кәсіпкерлерге қорқатын ештеңе жоқ. Қалыпты, талапқа сай жұмыс істеп жүрген балабақшалар лицензияладан қорықпайтынын ерекше атап өткім келеді. Рәсім толығымен автоматтандырылып, тұрақты түрде жұмыс істейді», - деді Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова. Бірінші кезеңде енді ашылып жатқан мектепке дейінгі ұйымдар лицензия алады. Бұл жылына шамамен 200-дей балабақша. Келесі кезеңде – қайта мемлекеттік аттестациядан өте алмаған мектепке дейінгі ұйымдар (жылына 10-15 балабақша). Содан кейін тәуекелді бағалау дәрежесіне байланысты қалған барлық жұмыс істеп тұрған балабақша өтеді. Балабақшаларды лицензиялау көптеген елде қолданылады. Олардың арасында Германия, Аустралия, Канада, Корея, Малайзия, Сингапур, Ресей және т.б. бар.

Мысалы, Германияда, Аустралияда және Канадада балалардың жағдайына қауіп төнсе немесе ұйымның жұмысы сапа стандарттарына сәйкес келмесе, онда лицензия қайтарып алынуы мүмкін. Жеке кәсіпкерлер де, балалар мүддесі басымдыққа ие жеке білім беру ұйымдарының бірлестіктері де балабақшаларды лицензиялауды қолдап отырғанын ескерте кетейік. Кәсіпкер Динара Құдайқұлова балабақшалардың қызметі реттелмегенін айтып отыр.

«Балабақшалардың 93%-ы мемлекеттік тапсырыс (мемлекеттік қаржыландыру) алады. Балабақшаның иесі ретінде балаларды оқытып жатырмыз ба, қалай оқытамыз, оларды қалай тамақтандырамызды ешкім білмейтінін айта аламын. Ата-аналар бізге сенеді, бірақ бақылау жоқ. Бұған 10 жыл бойы барлығы бой үйретіп алған. Бірақ оның салдарын көріп отырмыз. Ал қазір ешкім бақылау жүргізілгенін қаламайды. Олардың қатарында мен де бармын. Егер ақылға салып қарайтын болсақ, мен үш баланың анасымын. Бүгін мен балабақша жұмысымен айналысып отырмын, бірақ ертең мұндай жұмыс істемеуім мүмкін. Ал немерелерім қандай балабақшаға барады? Балалар жылында келер ұрпақтың болашағын ойлауымыз керек. Ваучерге келетін болсақ. Неге балабақша құрылтайшылары ата-аналарды ақымақ көреді? Неліктен кейбіреулер ата-аналар өз қалтасынан төлей алмайды деп ойлайды. Неге олар ата-аналарға ақша бергісі келмейді? Біз онлайн несие аламыз, коммуналдық төлемдерді, айыппұлдарды және т.б. төлейміз. Балабақшалардың құрылтайшылары ата-аналар ваучер жүйесін пайдалана алмайды деп ойлай ма? Бұл қаржыны бөлудің ашықтығы», - дейді «Әділет» республикалық мектепке дейінгі және орта білім беру қауымдастығының төрағасы Динара Құдайқұлова.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ЭТИКАСЫ

Сұрақ : Қазір Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізілді, енді жеке қабылдау қалай жүргізіледі?

Жауап. Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау ҚР ӘРПК 90 бабына сәйкес жүргізіледі 1. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті. 2. Қабылдау белгіленген және жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізілген күндер мен сағаттарда жұмыс орны бойынша өткізілуге тиіс. 3. Егер жолданымды лауазымды адам қабылдау кезінде шеше алмаса, ол жазбаша нысанда баяндалады және жазбаша жолданым ретінде жұмыс жүргізіледі.

* * * * *

БЖЗҚ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ

БЖЗҚ-дан төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 2 қазанындағы № 1042 қаулысымен (2021 жылдың 1 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілген өзгерістермен) бекітілген Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады. Осы Әдістемеге сәйкес зейнетке шыққан адамдарға төлемдер былайша есептеледі: зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтары төлемдерінің мөлшерлемесі – 6,5% -ға көбейтіліп, одан кейін 12-ге бөлінеді.

Нәтижесінде төлем алынатын бірінші жылы БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлемдер мөлшері есептеп шығарылады. Белгілі бір санаттағы алушылар: мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2-топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ, зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген, жинақтары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен кемінде алпыс ай жинақталып, жұмыс істеген адамдар үшін зейнетақы төлемдерін есептеу әдістемесінде түзету ұлғайту коэффициенттері көзделген.

Келесі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері жыл сайын зейнетақы төлемдерін индексстеу мөлшерлемесі – 5% ұлғайтылады.

Осылайша, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 1 сәуірінен бері зейнетке шыққан зейнеткерлерге төленетін төлемдер **5% көбейді**. 2018 жылдың 1 қаңтары мен 2021 жылдың 1 сәуірі аралығында БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын іске асырған тұлғалар ескі Әдістеме бойынша төлемдерін алды. Яғни, зейнетақы жинақтарының сомасы ағымдағы құн коэффициентіне көбейтіліп, 12 айға бөлінген болатын. Алайда 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап олардың былтырғы зейнетақы төлемдері **де 5% индекстелді**.

Айт кетейік, БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі **ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% кем емес** мөлшерде жүзеге асырылады. Тиісінше, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-дан ең төменгі төлем 25 212,60 теңгені құрады.

Егер, төлем алуға өтініш берген күнгі зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, бұл сома алушыға БЖЗҚ-дан **бір рет төленеді** (2022 жылы – 555 624 теңге = 12 * 46 302 теңге).

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін төлем алу құқығын іске асырған зейнеткерлер үшін 2022 жылы есеп мынадай: олардың зейнетақы төлемінің жыл сайынғы мөлшері ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен (2022 жылы 30 x 46 302 = 1 389 060 теңге) **ең жоғары шаманы** және зейнетақы жинақтарының сомасын алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтуден тұрады. Төлемдер бұрын таңдалған кесте бойынша жүзеге асырылады.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары **таусылғанша** төленеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасының Конституциясында анық жазылғандай мемлекеттік тіл біреу, ол – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздікті нығайтудың, еліміздің елдік, халықтық сипатын сақтап қалудың және қоғамдық келісімнің ең басты кепілі болып саналады. Елімізде тұрып жатқан барша халық, ұлт пен ұлыс қолданатын тіл. Кез келген дамыған мемлекеттердің өз тілдері бар. Тілдерін қадірлейді, қастерлейді, бұрмалауға жол бермейді, бәрі заңмен қарастырылған. Осындай тілдер ғасырдан-ғасырға дамымаса құлдырап, құрдымға кетпейді. Кезінде соғыстан, бір елден екінші елге бағынышты болуынан тілдер жойылса, кейіндері басқыншы тілдердің үстемдігінен жойылды. Қазіргі таңда халық саны аз, қолданыстан шыққан, дамымайтын, дамыта алмайтын мемлекеттің тілдері өшіп жатады.

Ғылымда бірде-бір адам сөйлемейтін тіл өлген тіл деп саналады. Ал ұлты бар да тілі жойылса не болмақ... Расул Гамзатов: - «Егер менің тілім ертең өлсе, мен бүгін өлуге дайынмын» - деген екен. Бұлай Расул ағамыздың перзенттік парызын жоғары ұстанып, болашақ ұрпаққа «тіліңді сақта», - деген аманаты болып тұр. Тіл мамандарының дерегіне қарағанда, 2100 жылға дейін әлемде 3500-дей тіл қолданыстан шығып, жоғалады екен. Бұл деген бүгінгі таңда дүниежүзіндегі бүкіл тілдердің тең жартысы болмақ. Бір тілдер өліп жатса келесі бір тілдер тірілуде. Мысалы: өмірде көптеген қиыншылық тауқыметін тартқан еврей халқы өздерінің қолданыстан ертеде қол үзіліп қалған еврит тілін тауып, зерттеп, зерделеп қайта жарыққа шығарып отыр. Бұл әрекет ақшаның күшімен бе, ақылдың күшімен бе әлде ұлттық рухтың күші ме әйтеуір өз тілдерін үкілеп төріне шығара білді.

Айтайын дегенім - өз ана тілім.

- Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес, - деп бабаларымыз тегін айтпаған болар. Маржандай тізіліп, өрнегі келісіп, бір бояуын екіншісі әрлендіріп тұрғандай ана тіліміздің қазіргі таңдағы көркі, құлаққа жағымды, үні әуезденіп келетін тамаша тіліміздің естірі құлақтың есін шығарып, сыңар қанат құстай қалбалақтап жүргеніне қалайша налымаймыз? Тілдің сәнін де салтанатын, әуезді өзегін бұзып отырған өзіміз. Тіліміздің жарасын ешбір ұлт пен ұлыс жазып бермейді. Оны дәрімен емдеп, бақсы-балгерге үшкіртіп, немесе санаңа ота жасатсаң да, тіл кемістігін жаза алмайсың. Ит екеш иттің де, құс екеш құстың да өз тілі бар. Ал біз тірі адам емеспіз бе? Сауысқаннның қарқылдап, иттің мөңірегенін осы жасыма дейін естіген емеспін.

Ананың сүті – өмірдің кілті, демекші ананың ақ уызына тойған баланың алпыс екі тамырына ұлттық қасиеттің даритыны баршаға аян, сондықтан жаның да, тәнің де ананың сүтінен нәр алып, ұлт болып қалыптасады. Қазақтан туып, орыс болғанды негірден туып, қытай болғанды да көргеніміз жоқ.

Әр ұлттың баласы анасының адал сүтін емген болса, сол ұлттың тілі мен діліне, дініне, салт-дәстүріне, тарихы мен мәдениетіне деген жүрек қалауы қалыптасады. Қазақтың есін жаңа біліп, қоршаған ортаны тани бастаған баласына күй естіртсең, балуандардың күресін көрсетсең, жүйрік аттардың бәйгесін көрсетсең, он екі мүшесі қозғалып, көзі жанып, ұшып кете жаздайды. Неге? Себебі, ол қазақтың баласы. Адам баласы осылайша дамиды, қалыптасады.

«Ала сөйлеп, ұлыққа жаққанша, адал сөйлеп, жұртқа жақ», - демекші мен осы мақаламды еріккеннің ермегі үшін немесе ақылсымақшы болып, абырой-атақ термек үшін жазып отырған жоқ. Қазіргі таңда ұлттық қадір-қасиетіміздің, рухымыздың әлсіреп бара жатқанынан жазып отырмын.

Тұңғыш Президентіміз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы арқылы, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы арқылы қазақтың бар болмыс-бітімін тайға таңба басқандай, болашаққа апарар айқын жолды көрсетіп берді. Енді не керек? Жайнамазыңды жайып намазыңды оқысаң да, кез келген жерде ана тіліңде сөйлесең де оюын қиыстырып ұлттық киім кесең де, - қой, - деген жан бар ма? Керісінше рухыңды көтер, өткеніңді өзекке теппе, болашаққа нық қадам бас деп, бар мүмкіншілікті жасап беріп отыр.

Естіге айтқан тура сөз, Шыңға тіккен түмен тең. Езге айтқан тура сөз, Құмға сіңген сүмен тең. - Бұл Майқы бидің сөзі. Сан ғасыр бұрын айтылған сөз. Болашағын көрегендікпен көре білген екендігіне таң қаласың, екінші жағынан шамданасың. Ана тілі баланың бойына ананың ақ сүтімен, сонан соң әлдиінен басталады. Балабақшада таңдайды, орта мектепте дамиды, жоғары оқу орнында жетіледі. Қоғамда өз мәресіне жетеді. Біз сонда қай жерінде қателік жіберіп алдық. Әр ата-ана осыған мән беру керек. Ұлттық болмысымыз жайында көп толғауға болады алайда, -малдың күйі азығында, мәнді сөз азығында,- демекші, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні өзіміз жасап отырған кемшілікті өзімізден іздеп, өзіңнің әр ісіңе сын көзбен қараған дұрыс шығар. Ұлттық қадір-қасиетімізді, ұлттық болмысымызды, ар-ожданымызды төмендетіп алмайық, ағайын!

Қаратай ТӨЛЕКЕЕВ,
газеттің тұрақты оқырманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

2022 жылғы 17 тамызда сағат 11.00-де «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка ауылдық округінің халық аз қоныстанған Надеждинка ауылын тарату туралы» күн тәртібімен Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Надеждинка ауылы тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

17 августа 2022 года в 11.00 ч. состоится сход местного сообщества жителей села Надеждинка Тайыншинского района Северо-Казахстанской области с повесткой дня «Об упразднении малонаселенного села Надеждинка Мироновского сельского округа Тайыншинского района Северо-Казахстанской области».

* * * * *

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Тайынша агробизнес колледжі» КММ –не келесі мамандықтар бойынша жұмысқа шақырамыз:

1.«Ауыл шаруашылығы өндірісі» мамандығы бойынша

өндірістік оқыту шебері-білімі:
орта-арнайы, жоғары.

2. «Шаруашылық меңгерушісі» - білімі орта кәсіптік, орта-арнайы.

Байланыс телефондары: **8(715-36) 23097, 8(715-36)23090.**

* * * * *

ХАБАРЛАНДЫРУ!**«МЕГА планета»**

Тайынша қаласындағы «МЕГА планета» сауда орталығында апта сайын жаңа тауарлар! Бағасы қолжетімді, нарықтық бағадан төмен.

Осы сауда орталығына қызметшілер қажет. Олардың міндеті: сауда орталығына келген тұтынушыларды қарсы алып, кеңес беру, киім –кешектерді таңдауға көмектесу. Төлем ақысы уақытында төленіп отырады. Егер біздің орталықта жұмысқа орналасқыңыз келсе, біздің орталыққа келіңіз! Байланыс телефоны: **87056587255.**

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

1. Егер өз емханасында / аймағында қажетті дәрігер болмаса, осыған байланысты пациент өзіне қажетті қызметті ала алмаған жағдайда не істеу керек?

Медициналық ұйым Қормен қандай да бір медициналық қызметтер көрсетуге шарт жасасқан кезде оларды толық көлемде ұсынуға міндеттеме алады.

Егер өнім берушінің медициналық қызметтерді өз бетінше көрсетуге мүмкіндігі болмаса, онда ол бірлесіп орындаушыны тартуға міндетті. Бұл тұрғыда, бірлесіп орындаушы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының өнім берушілері базасында тұруы тиіс.

Осылайша, егер пациент бекітілген медициналық ұйымда бейінді маман, қажетті жабдық болмаған жағдайда, онда пациент бірлесіп орындау шарты бойынша басқа медициналық ұйымға жіберілуі тиіс. Егер бірлесіп орындау шарты болмаса, онда бірден Қорға жүгіну қажет. Қордың тарапынан қажетті шаралар қабылданатын болады.

2. Біздің емханада бейінді мамандарға жазба бір ай бойына үнемі толық болады. Пациент ҚДҚ алу мүмкіндігін қанша күн күте алады?

ҚДҚ бойынша Қордың өнім берушілері болып табылатын медициналық ұйымдарда медициналық көмек көрсету сапасына мониторинг жүргізіледі. Осыдан кейін ғана Қор көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлейді.

Шарт талаптарын мониторингілеу ережесінде ақау қарастырылған, яғни ҚДҚ күтудің ұзақтығы 10 күннен асады. Осының негізінде пациент консультациялық немесе диагностикалық қызмет алуды 10 күннен артық күтпеуі тиіс. Емхана өз пациенттерін уақтылы консультациялармен және тексерулермен қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол халыққа уақтылы қызмет көрсету мақсатында бірлесіп орындаушыларды тартуы тиіс.

Осы тұрғыда пациентті жоспарлы тексеру кезінде 10 күнге дейін күту мерзімі қарастырылғанын атап өту қажет. Жіті және кезек күттірмейтін жағдайларда пациентке медициналық көмек дереу көрсетіледі.

3. Адамдар жеке клиникаларға баруға мәжбүр болады, ал онда барлық қызметтерді ақылы түрде алуы қажет, МӘМС жүйесі осыған байланысты әдейі құрылған деген рас па?

Керісінше, МӘМС жүйесін енгізу кезіндегі мақсаттардың бірі медициналық ұйымдар арасында бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып табылады. ТМҚКК және МӘМС шеңберінде медициналық қызметтердің әлеуетті өнім берушілеріне қойылатын талаптар, оның ішінде тарифтер бірдей және өнім берушінің меншік нысанына қатысы жоқ. Яғни, халыққа медициналық қызмет көрсетуге өнім берушілердің ең көп саны қатысады.

МӘМС-те сақтандырылған азаматтар өздері таңдаған емханада медициналық қызмет ала алады, соның ішінде жеке клиникада да. Қажет болған жағдайда, емхананың жеке клиникамен бірлесіп орындау шартын жасау мүмкіндігі болса, пациент өз емханасынан аталған жеке клиниканың қажетті дәрігеріне кеңес алуға жолдама сұрай алады.

Айта кетейік, 2021 жылы ТМҚКК қаражаты есебінен амбулаториялық деңгейде консультациялық-диагностикалық көмек көрсетуге 31,2 млрд теңгеден астам қаражат жоспарланған. Оның ішінде жарты жыл ішінде медициналық ұйымдарға осы қызметтерді халыққа көрсеткені үшін 12,6 млрд теңгеден астам қаржы төленді. МӘМС қаражаты есебінен ҚДҚ-ны амбулаториялық деңгейде көрсетуге биыл 155,7 млрд теңгеден астам сомаға шарттар жасалынды. Оның ішінде алғашқы жарты жылда 79,6 млрд теңгеден астам сомаға қызмет көрсетілді.

4. Балаға стоматологиялық көмек алу үшін жеке стоматологияға жүгінуге бола ма?

Стоматологиялық көмектің өнім берушілері оларға қойылатын талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік және жеке медициналық ұйымдар бола алады. Бұл ретте пациент өзіне лайықты стоматологиялық клиниканы таңдауға құқылы. Сіз оны Қордың ресми (fms.kz) интернет-ресурсында орналасқан тізімнен таңдай аласыз: «Медициналық қызметтерді сатып алу» блогы, «ҚДҚ қызметтеріне өнім берушілер» бөлімі.

Айта кету керек, қазір елімізде стоматологиялық қызметтердің 600 – ден астам өнім берушісі жұмыс істейді, олардың жартысына жуығы-жеке клиникалар. 7 айда 5,5 миллионға жуық стоматологиялық қызмет көрсетілді, оның ішінде 4,8 миллионға жуық қызмет 0 – ден 17 жасқа дейінгі балаларға көрсетілді.

Естеріңізге сала кетейік, жоспарлы

Обязательное социальное медицинское страхование**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру**

стоматологиялық көмекті 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер ғана ала алады.

Шұғыл стоматологиялық көмек келесі азаматтарға көрсетілуі мүмкін:

- 18 жасқа дейінгі балалар;
- жүкті әйелдер;
- Ұлы Отан соғысына қатысушылар;
- I, II, III, IV топтағы мүгедектер;
- алтын, күміс алқалармен марапатталған көп балалы аналар;
- атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- жасы бойынша зейнеткерлер;
- инфекциялық және әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын науқастар;
- мүгедек балаға және бала кезінен I - топтағы мүгедектерге күтім жасайтын, жұмыс істемейтін адамдар.

5. Мені МӘМС бойынша талдауларды тегін тапсыру мүмкіндігі қызықтырады. Д витаминіне талдау жасау сақтандыру пакетіне кіре ме? Мен оны әдетте ақылы түрде, жеке зертханада тапсырамын.

Д витамині, көптеген басқа зертханалық талдаулар сияқты, МӘМС пакетінде қарастырылған. Бұл талдау барлық адамға бірдей көрсетілмейді, тиісті көрсеткіштер болған кезде, сонымен қатар емдеуші дәрігердің жолдамасы бойынша жүргізіледі.

Яғни, учаскелік дәрігердің қабылдауына келу қажет, ол зертханалық талдау жүргізу қажеттілігін бағалайды және МӘМС шеңберінде жолдама береді не бейінді маманның қарауына жібереді.

6. Медициналық ұйым ақылы тексеруден өтуді ұсынады, бірақ мен сақтандырылған тұлға ретінде оны МӘМС бойынша өтуді қалаймын. Осыған байланысты Қордың ұстанымы қандай?

Ақылы медициналық қызметтерді медициналық ұйымдар шарттық негізде және азаматтардың өздерінің бастамасы бойынша, оның ішінде мамандардың жолдамасынсыз көрсете алады.

Бірақ ТМҚКК және МӘМС бойынша қызмет көрсететін медициналық ұйымдарға көрсетілмдер бойынша пациентке тиесілі және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне кіретін медициналық көмекті ақылы негізде ұсынуға тыйым салынады. Бұндай құқық бұзушылық орын алған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 424 бабымен әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Пациенттер тарапынан түскен ақылы қызметтерге жіберу туралы әрбір өтініш бойынша Қор сарапшылары медициналық ұйымға жоспардан тыс мониторинг жүргізеді. Егер факт расталса, онда мониторинг нәтижелері бойынша осы медициналық ұйымға айыппұл санкциялары қолданылады.

Қор емделушінің құқығын қорғайды және халыққа ақылы негізде медициналық қызметтерді заңсыз көрсету мәселесіне қырағылық танытады.

Медициналық көмек алуға байланысты сұрақтар туындаған жағдайда өз емхананың Пациентті қолдау қызметіне жүгінуіңіз қажет. Егер жағдайды сол жерде шешу мүмкін болмаса, Қорға ресми кері байланыс арналары: 1406 байланыс орталығы, «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасы, Қордың www.fms.kz сайты, Telegram-дағы Saqtandyry-bot арқылы өтініш беруге болады.

"ӘМСҚ" КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп № 10803-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Талсырыс 247. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы,

Қазақстан Конституциясы, 206-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715 36) 23-8-51

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.